

ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР КӨШБАСШЫЛАРЫНЫҢ VII СЪЕЗІ

«МЕЙІРБАНДЫҚ ДҮНИЕГЕ НҰРЫН ТӨГЕР»

ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ
ДІНДЕР ЛИДЕРЛЕРІНІҢ
VII СЪЕЗІ



VII CONGRESS
OF THE LEADERS OF WORLD
AND TRADITIONAL RELIGIONS

14-15 қыркүйек, 2022 ж.

September 14-15, 2022



(Бұл туралы 2-беттен оқи аласыз)

ТҮЙТКІЛ

ҚАСҚЫР ЕКЕШ ҚАСҚЫР ДА БӨЛТІРІГІНЕН БЕЗІНБЕЙДІ!

Алматыда өмір есігін енді ашқан шарадан жаңа шыққан шақалақтарды сату ісін «кәсіпке айналдырған» бүтіндей бір қылмыстық топ құрықталып, іс тергеуге түсті. Біреу емес, екеу емес, басынан бақайшағына дейін мейірім мен қайырымнан ада ұйымдасқан топ көлеңкелі кәсіпті өркендеткен. Күдіктілер уақытша қамауда отыр.



Ішкі істер министрлігінің ресми өкілі Ш.Тұрлыбектің айтуынша, алдын ала сөз байласқан адамдар тобы баласынан бас тартқысы келетін жүкті әйелдерді және баласы жоқ ерлі-зайыптыны іздеген. Сондай-ақ балалардың туу туралы жалған куәлігін

дайындаумен айналысқаны анықталды. Аталған факті бойынша «Кәмелетке толмағандарды сату» бабы бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталды.

(Жалғасы 3-бетте)

ЕСТЕЛІК

Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрында әлденеше рет соғылған ду қол шапалақтауға, әлденеше рет осындай табанды ескерту жасалды. Бұл – Қазақстан мұсылмандарының II құрылтайы өткен 1992 жылдың 19 мамырында болған оқиға еді...



«МҰНДАЙДА ҚОЛ ШАПАЛАҚТАМАЙДЫ...

1991-1992

«1991-1992 жылдары Қазақстандағы қазақ емес ұлт өкілдерінен шыққан имамдар мен Нысанбаев арасындағы шиеленіс шектен шыға өршілді. Бас мүфти Рәтбек қажыға «Діни басқармаға кіл қазақ имамдарын тағайындап жатыр» деген айыптаулар тағылды. 1991 жылдың желтоқсанында Талдықорған имамы Ибрагим Машанло бас болып «Уақытша комитет» құрған имамдар Алматыдағы Бас мешітке кездейсоқ баса-көктеп кіріп, мұсылмандар съезін шақыру туралы үндеу жариялады. Дөркілік кезінде бас мүфтидің қолы сынды. Бүлікшіл имамдар жағына шыққан «Алаш» партиясының бірқатар мүшелері бас мүфтидің бөлмесінің есігін ашылмайтындей етіп жауып шегелеп, телефон байланысын үзіп тастады. Бас мешіттегі тәртіп бұзушылықты бастан-аяқ жіті қадағалап отырған Қазақстан басшылығы Рәтбек Нысанбаевқа қолдау білдірді. Республика ИМ-нің арнайы дайындықтағы тобы жедел қимылдап, имамдар атын жамылып, бұзақылық жасаған «Уақытша комитеттің» өрескел әрі дөрекі әрекеттеріне дер кезінде тойтарыс берді.

1992 жылдың 19 мамыр күні ел астанасы Алматыда өткен Қазақстан мұсылмандарының II құрылтайы мүфтияттың тұрақты өкілеттігін айғақтап, тұғырын мықтап бекітті. «Оппозициядағы» белсенді имамдар өз еріктерімен қызметтерін тоқтатты. «Жеңілісін мойындаған» Меркі мешітінің имамы Зұлхарнай Тілов Солтүстік Кавказға қоныс аударды. Белсенді имам Ибрагим Машанло байырғы отаны Жалал-Абадқа (Қырғызстан) қайтты. Хұсейн Алсабеков Шешенстанға оралып, Президент Дудаевтың билігі тұсында Ичкерияның Бас мүфтиі қызметін атқарды. Шымкент мешітінің имамы өзбек Шүкірролла Мұхаметжанов пен Қарағанды мешітінің имамы дұнған Ибраим Маров Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы Бас мүфтиінің бұйрығымен қызметтерінен босатылды.

(Уикипедия жазбаларынан)

«Қазақстаннан орыстар жаппай көше бастаса, қазақтар өзді-өздерімен қырық-пышақ болып қыркысады. Республикада азамат соғысының оты тұтанады. Бастары бірікпеген «титұлды ұлт» сонда орыстарды сағынатын болады» деген келемеж аралас сәуегейлік туралы сол тұста Мәскеу мен Алматыда шығатын барлық орыс тілді басылымдар ашық түрде «айғайлатып» күн құрғатпай жазды. Оны оқыған сайын шын мәнінде «жау қайдан келеді» дегендей, жүрегіміз әлденеден секем алып қауіптенетінбіз де, бірақ екі-үш күн өткен соң бәрі ұмыт қалатын. Арандату мен іріткі салу әрекеттері Орталық Азия Мұсылмандары діни басқармасынан (САДУМ) Қазақстан мұсылмандары ұйымы өз еншісін бөліп алған тұста да қылаң бергені бар. Соның бәрі бүгін көрген түстей ұмытылды. Дәл сол кезеңде орын алған ақиқат оқиғалардың бір парасы тарих парағына жазылды, меніңше, бір парасы жазылмай қалды...

«Қазақстан мұсылмандарының II құрылтайы ертең Абай атындағы Қазақ мемлекеттік опера және балет театрының концерт залында өтеді» деген хабар түсті...

Қазақ мемлекеті жанадан Тәуелсіздік алып, жұрт шаттанып жатқан шақ. Бірақ мешіт, Бас мүфти, имамдар төңірегіндегі алып-қашпа, қым-қуыт әңгімелер басылмай тұрған-ды. «Опера-балет театрында өтеді екен...» құлағымызға тиісімен, мәртебелі басқосу басталардан жарты сағат бұрын әдеттегі тілшілік қызығушылықпен тарихи эәулім ғимараттың алдына өкпемізді қолымызға алып, ертелетіп-ақ жеттік. Күтпеген жағдай... Театрды түгелдей дерлік милицияның арнайы жасағы қоршауға алыпты. Құрылтай делегаттары мен қонақтары ішке қарай өткізіліп жатқан жылжымалы темір-тіреу қақпаға таяп барып ек, естігеніміз: «Құрылтайға БАҚ құралдарының өкілдері шақырылған жоқ. Сондықтан бірде-бір газет тілшісі, журналист ішке кіргізілмейді!» болды. Бір топ әріптес басымызды «тауға да ұрдық, тасқа да ұрдық». Бірақ «Әңгіме қысқа, тапсырма солай» деген тойтарыс талпынысымызға нүкте қойды. Ең болмаса, сұхбаттасып қалайық дейтіндей төңіректен не Діни басқармадан бас мүфти Рәтбек қажыны, не бір жүзі таныс имамды кездестіре алмадық. Елге танымал қоғам қайраткерлері, депутаттар да көзге түспеді. Бейне құрылтайға шақырылған беделділердің бәрі театрға түн түнлігін түрмей жатып кіріп алған ба дерсін? Салы суға кеткен БАҚ өкілдері, театрды шыр айналып қашанғы жүрмек, жай-жайына тарай бастады.

(Жалғасы 7-бетте)

КӨЗБЕН КӨРГЕН

ӨРТЕНГЕН ӨЛКЕ



Қауіптің беті қайтты дегенмен, одан келген зиянды сөзбен жеткізу қиын. Кемі бір ғасырдан бері жайқалып тұрған орманның қарағайлары біреу қара сия төгіп кеткендей аянышты күйде. Сан аулы сағатта жалын жапырағынан бастап, тамырына дейін жалмағанмен, жарықтық ағаштар күйген күйі күйремей тік тұр.

(Бұл туралы 6-беттен оқи аласыз)



БИРЖАМЕТР



МУНАЙ (brent)
94,1



DOLLAR
475



EURO
473



РУБЛЬ
7,45

БІРЛІК

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі – тәуелсіз еліміздің тарихындағы ең ірі халықаралық іс-шаралардың бірі.

Биыл 14-15 қыркүйекте бас қаламыздағы Тәуелсіздік сарайында өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезіне әлемнің 50 елінен 100-ден астам делегация келді. Тіркелген ақпарат құралдарының саны 300-ге жетті.

Діни форумға Рим Папасы Франциск, Әл-Азхардың Жоғарғы имамы Мұхаммед Ахмед әт-Тәйеб, Иерусалим Патриархы III Теофил, Ашкеназдың бас раввині Давид Лау, Израильдің Бас сефард раввині Ицхак Иосиф қатысты.

«МЕЙІРБАНДЫҚ ДҮНИЕГЕ НҰРЫН ТӨГЕР»



Съездің пленарлық отырысы «Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің пандемиядан кейінгі кезеңдегі адамзаттың рухани және әлеуметтік дамуындағы рөлі» тақырыбына арналуы бекер емес. Екі жылдан бері тәжтажалдың қыспағында қалған күллі адамзат бетпе-бет жүздесіп, лебіздесудің қадіріне жеткендей. Осы тұрғыдан алғанда, дін көшбасшыларының пандемиядан кейін алғаш рет біздің елімізде бас қосудың өзіндік маңызы бар.

Пленарлық отырысты ашқан Президент Қасым-Жомарт Тоқаев еліміз үшін әлемнің ең құрметті рухани көшбасшыларының басын қосып, диалог орнату зор құрмет екенін атап өтті. «Өзгеріске толы әрі белгісіздік белең алған қазіргі заманда бүгінгі басқосудың айрықша мәні бар. Біздің съезд өркениетаралық диалог орнататын жаһандық деңгейдегі алқалы жиынға айналды. Бұл форумды өткізуге Қазақстанның бастамашылық етуі бекер емес. Қазақ жері ғасырлар бойы Батыс



пен Шығыстың арасындағы көпір болып келеді. Ұлы дала төрінде небір алып көшпелі империялар өмір сүрген. Діни ұстамдылық — олардың бәріне ортақ сипат», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Заманауи сын-кәтерлерге нені қарсы қоюға болады? Тарих бұған бір ғана жауап береді. Ол — ізгі ниет, диалог және ортақ күш-жігер. Табысқа жетудің басқа кепілі жоқ. Қазақстан кез келген даулы мәселені БҰҰ Жарғысына сәйкес тек қана келіссөз үстелі арқылы шешуді үнемі айтып келеді. «Туындаған қайшылықтарды күшпен, қорқытумен немесе санкциялармен реттеу мүмкін емес екеніне сенімдіміз. Мұндайда гуманистік идеалдарға жүгіну аса маңызды. Олардың басты қайнар көзі дәстүрлі діндер екені даусыз. Халықаралық қауіпсіздіктің жаңа жүйесін қалыптастыру үшін бәрімізге бейбітшілік жолындағы жана жаһандық іс-әрекет керек. Бұл мәселеде рухани көшбасшылардың рөлі аса зор деп санаймын», — деді Мемлекет басшысы.

Ал Рим Папасы Франциск съезде сөйлеген сөзінде: «Қазақ жерінде 20 жылдан бері әлем үшін маңызы зор осы съезд ұйымдастырылып келеді. Биылғы кездесу бізді пандемиядан кейінгі кезеңде адамзаттың рухани, әлеуметтік дамуындағы рөлі туралы ойлануға бағыттап отыр. Коронавирус баршамызды бір деңгейге түсіріп, барлығымыз қарапайым адам екенімізді еске түсірді. Ұлы ақын Абайдың шығармаларынан осы жайында терең түсінуге болады. Абай өз өлеңінде «Безендіріп жер жүзін Тәңірім шебер, мейірбандық дүниеге нұрын төгер» деп жазған. Жаратушы табиғатты жайнатып жасартқан. Сондықтан жер бетін ластауға, орасан зор залал келтіруге қалайша жол береміз? Баршанызды осы мәселені бірлесіп шешуге шақырамын», — деді.

Әл-Азһар ислам университетінің Жоғарғы имамы Ахмед ат-Тәйеб адам баласына жаһандағы апаттардың себебі туралы ойлану керектігін айтты.

«Табиғи, саяси және «экономикалық» апаттарды адам өзімшілдігінің кесірінен өз қолымен жасап алды. Қасиетті Құранда бұл екі құбылыс пен олардың салдары туралы осыдан шамамен 15 ғасыр бұрын айтылған. Бұл апаттарды адам өзінің пиғылынан, салғырттығы және басқаларға немқұрайды қарауынан туындатқанын ұмытпауымыз керек», — деді Ахмед әл-Тәйеб.

Съезде Израильдің Бас Сефард раввині Ицхак Иосиф, Ресей Федерациясы мұсылмандары діни басқармасының төрағасы Шейх Равиль Гайнутдин, ЕҚЫҰ-ның Аз ұлттар істері жөніндегі Жоғарғы комиссары Қайрат Әбдірахманов және тағы басқалар сөз сөйледі.

Елордадағы ЕХРО халықаралық көрме орталығының аумағында Месса рәсімін өткізген Рим Папасы Франциск қазақстандықтарға алғыс білдірді. «Жаратушыға осынау ұлы елде тұрып жатқан халық үшін алғыс. Бұл халықтың мынау әлем аса мұқтаж диалог пен бейбітшілікке ықпалдастығы алғысқа лайық», — деді Рим Папасы Франциск.

Басқосудың соңында Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезінің Декларациясы қабылданып, БҰҰ Бас Ассамблеясының 77-ші сессиясының ресми құжаты ретінде таратылатыны мәлім болды.

ДОСТЫҚ

«Бұл – пандемиядан кейін сіздің шетелге алғашқы сапарыңыз. Сондықтан да ол тарихи мағынаға ие. Мен мұны жоғары деңгейдегі өзара сенім мен ынтымақтастықтың көрінісі деп бағалаймын». Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елімізге мемлекеттік сапармен келген Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Зинпинмен кездесуде осылай деп атап көрсетті.

«Ақорда» резиденциясында ҚХР Төрағасын ресми қарсы алу шарасы өтті. Құрмет Қарауылының бастығы екі ел басшыларына рапорт беріп, Қазақстан мен Қытайдың мемлекеттік әнұрандары орындалғаннан кейін мемлекеттер басшылары екіжақты келіссөз өткізетін залға барды.

егемендігін және территориялық тұтастығын сақтауына қолдау көрсетеміз. Тұрақтылық пен дамуды қамтамасыз ету жөніндегі жүргізіп жатқан реформаларды толық қолдай отырып, сіздің еліңіздің ішкі істеріне қандай да бір күштердің араласуына үзілді-кесілді қарсы боламыз. Қытай Қазақстанның сенімді досы әрі серіктесі және солай болып қала береді. Біздің елдеріміз бірқатар салада ынтымақтастық үлгісін көрсетті. Халықтарымыздың достығының арқасында 1780 шақырымға созылған шекара мәселесін алғашқылардың бірі болып шештік. Біз бірінші болып, индустрияландыру саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыта бастадық. Осылайша «Бір белдеу — бір жол» бағдарламасы аясындағы ынтымақтастықтың үлгісін көрсеттік. Біз екіжақты қарым-қатынастарды жан-жақты мәңгілік стратегиялық серіктестік деңгейіне көтердік. Серпінді дамуға қол жеткізген қытай дипломатиясы үшін мұның маңызы зор. Бүгінде Қазақстан мен Қытай

ЖАҢА ТАРИХИ БЕЛЕС



Бұдан кейін Қазақстан мен Қытай басшылары кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді.

Кездесуде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Қытай арасында дипломатиялық қатынас орнағанына 30 жыл толғанын атап өтті. «Сіздің сапарыңыз осы мерейлі белеске тұспа-тұс келіп отыр. Қысқа мерзім ішінде біз тұрақты мемлекетаралық қатынас орнаттық. Сіз Қазақстан экономикасын дамытуға және біздің халықаралық бастамаларымызға ұдайы қолдау көрсетіп келесіз. Сол үшін өзіңізге зор алғыс айтамын», — деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, 2019 жылғы қыркүйектегі Бейжіңге мемлекеттік сапары кезінде қол жеткізілген жан-жақты мәңгілік стратегиялық серіктестік жөніндегі уағдаластық сәтті жүзеге асырылып жатыр. Бүгінгі бірлескен мәлімдеме аралағы қарым-қатынастың жаңа «алтын 30 жылдығының» басталғанын білдіреді. Сондықтан Қытай Төрағасының бұл сапары аса маңызды.

Өз кезегінде сөз алған ҚХР Төрағасы араға жыл салып, елімізге қайта келгеніне қуанышты екенін айтып, қазақ халқының қонақжайлығы мен мемлекеттік сапармен келуге шақырғаны үшін Президентке ризашылығын білдірді. Си Зинпин қазақ-қытай қарым-қатынастарының дамуын жоғары бағалап, бүгінгі сапарының екіжақты байланыстарды одан әрі ілгерілетуге тың серпін беретінін атап өтті. «Қазақстан халқы сіздің басшылығыңызбен мемлекеттік құрылыс пен ұлттық жаңғыру ісінде жана табыстарға жететіні күмәнсіз. Қытай үкіметі Қазақстанмен арадағы қарым-қатынастарға зор көңіл бөлетінін тағы да қайталап айтқым келеді. Халықаралық жағдай қалай өзгерсе де, біз алдағы уақытта Қазақстанның тәуелсіздігін,

қарым-қатынасы жаңа тарихи белеске қадам басты», — деді Си Зинпин.

Тараптар көлік-логистика, азық-түлік өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы салаларының мәселелері және трансшекаралық өзендер жайын талқылады.

Келіссөздерден кейін екі мемлекеттің басшылары Қазақстан мен Қытай арасындағы дипломатиялық қатынастардың орнағанына 30 жыл толуына орай бірлескен мәлімдемеге қол қойды.

Ресми келіссөздер аяқталғаннан кейін мемлекет басшылары екі елдің көне заманнан бүгінге дейінгі тарихи, мәдени байланыстарына арналған «Қазақстан — Қытай: мыңжылдық диалог» атты көрмені тамашалады. Көрмеге Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі, Орталық мемлекеттік музей, Тұңғыш Президент музейі және Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейі қорларынан 40-қа жуық археологиялық жәдігер, сондай-ақ сәндік қолданбалы және бейнелеу өнерінің заттары қойылған.


Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Қытай арасындағы екіжақты саяси, экономикалық және мәдени қатынастарды нығайтуға және дамытуға қосқан айрықша үлесі үшін ҚХР Төрағасы Си Зинпинді еліміздің ең жоғары мемлекеттік наградасы — «Алтын Қыран» орденімен наградтады.

Си Зинпин «Алтын қыран» орденімен марапатталуы өзі үшін зор мәртебе екеніне қоса, бұл Қазақстанның екі арадағы қарым-қатынасқа айрықша мән беретінін, сондай-ақ қазақ халқының қытай халқына деген терең достастық сезімін паш ету деп бағалады.

Талап ТІЛЕГЕН

Аптаның кеңесі

«**МАҒАН ДА АЛАЯҚТАР ТЕЛЕФОН СОҒАДЫ. МЕН ҚАЗАҚША ЖАУАП БЕРЕМІН. СОНДА ОЛАР ТЕЛЕФОНДЫ ТАСТАЙ САЛАДЫ.**»



Аптаның сауалы

2028 ЖЫЛДАН КЕЙІН ӘЙЕЛДЕР ҚАЙТАДАН 63 ЖАСТА ЗЕЙНЕТКЕ ШЫҒА МА?

Тамара ДҮЙСЕНОВА, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі:

«Елімізде әйелдер 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап 61 жасында зейнетке шығады. Бұл норма 2028 жылға дейін күшінде болады. Зейнеткерлік жасы өмір ұзақтығына, денсаулығына, зейнетақының мөлшеріне байланысты белгіленеді. 2028 жылға дейін осы мәселелер бойынша қараймыз. Өрмен қарай уақыт көрсетеді».

MEGAPOLIS

Өткен жылдың қаңтар айында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында «Халық қатысатын бюджет» жобасы іске қосылды. Бұл – азаматтардың жергілікті бюджет қаражатының бір бөлігін бөлу мен жұмсауға қатысуына мүмкіндік беретін жоба. Оған сәйкес, бір азамат ұсынып, тұрғындардың көпшілігі қолдау білдірген жоба жергілікті бюджеттен қаржыландырылады. Осылайша азаматтар өздері тұратын аумақтарды дамыту мен абаттандыруға белсене араласады.

Жобаны Шымкент қаласында іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары бекітілген. Бүгінде төрт аудан әкімдігі тарапынан халық қатысатын бюджетті әзірлеудің ережелері мен сараптамалық кеңестердің құрамы бекітілген. Сонымен қатар жобаны іске асыру үшін open-Shymkent.kz арнайы интернет-ресурсы әзірленді. Аудан әкімдіктері деңгейінде ұйымдастырылып жатқан «Халық қатысатын бюджет» жобасы пилоттық режимде осыған дейін Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында жүзеге асырылған еді.

«Тұрғындардан өтінімдер, ұсыныстар қабылданады. Жалпы жобаны жүзеге асырудың 3 кезеңі бар. Біріншіден, сайт арқылы тұрғындардан ұсыныстар жинақталады. Тұрғындардың аудан әкімі аппараты құзыретіне кіретін салалалар бойынша талап-ұсыныстарын жіберуіне мүмкіндігі бар. Аумақты көгалдандыру, аяқжолдарды жайластыру, пандустарды, арықтарды салу және жөндеу, т.б. мәселелер бойынша ұсына алады. Ауданда тіркелген кез келген азамат жобаға қатысуына болады», — дейді қала басшысы Мұрат Әйтенов.

Жоба талаптарына сәйкес, екі апта ішінде жинақталған ұсыныстар аудан әкімдігі тарапынан құрылған сараптамалық кеңеске ұсынылады. Сараптамалық кеңес жобалар тізбесін іріктеп, дауыс беру үшін сайтқа орналастырады. Дауыс беру нәтижелері бойынша көп дауыс жинаған жобалар аудан әкімдігі арқылы жүзеге асырылады.

Айта кеткен жөн, осы жоба аясында аумақты көгалдандыру, тротуарларды жайластыру, пандустар қою, арықтар салу және жөндеу, қоқыс тастайтын орындарды тазарту, ортақ пайдалану орындарын құру, жөндеу және жарықтандыру, ойын және жаттығу алаңдарын құру, онда жабдықтар орнату секілді жұмыстар істеледі.



Одан бөлек, қала әкімі М.Әйтеновтің тапсырмасына сәйкес, 4 аудан аумағында бұқаралық спортты дамыту, жастарды спортқа баулу мақсатында ашық спорт алаңшалары салынуда.

Жобаның мақсаты — ауданның аумағын абаттандыру, дамыту бойынша жергілікті бюджет қаражатын бөлу процесіне қала тұрғындарын қатыстыру арқылы қалалық бюджетті қалыптастырудың ашықтығын, қолжетімділігін қамтамасыз ету.

«Бюджетті жоспарлауда ашықтықты қамтамасыз ету үшін биылдан бастап қаладағы 4 аудан әкімдігі тарапынан «Халық қатысатын бюджет» жобасы енгізілді. Қаланың кез келген тұрғыны «электрондық үкіметтің» веб-порталына кіріп, өз ұсыныстарын қалдырып, кері жауап алу мүмкіндігі жасалған», — дейді М.Әйтенов.

Қала әкімі мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында 200 үлкен көшенің бойында және 120 көше қиылысына «Сергек» камераларын орнату жоспарланып отырғанын жеткізді.

Ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында қолға алынған «Халық қатысатын бюджет» жобасы өзінің оң нәтижесін көрсетуде. Абай ауданында 2021 жылмен салыстырғанда 2022 жылы халық қатысатын бюджет үлесі 5,1 есеге, Әл-Фараби ауданында қатысатын бюджет үлесі 4 есеге, Қаратау ауданында 10 есеге, Еңбекші ауданында 1,8 есеге артқан.

ӘЛ-ФАРАБИДЕ – 32 ОЙЫН АЛАҢШАСЫ

Әл-Фараби ауданында III, IV, V секторға қарасты 15 шағынауданда балалар ойын алаңшасы мен спорт алаңшаларының орнатылу барысына тоқтала кетейік.

Өткен жылы ауданның аталған секторында 15 ойын алаңшасы пайдалануға берілген. Соның ішінде 7 алаңша тұрғындардың ұсынысы бойынша салынған. Аудандағы III, IV, V секторда 82 мыңға жуық халық тұрады. Онда 10 мектеп, 20 балабақша, 198 аула, 26 спорт алаңшасы бар. Электр, ауыз су, табиғи газбен, интернетпен толық қамтылған.

Биыл 32 ойын алаңын қолданысқа беру көзделіп отыр. Балалар алаңшасы тұрғындардың өтінімі негізінде «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында орнатылады. Ал 2023 жылы 32 балалар ойын алаңшасы орнатылып, 7 ашық спорт алаңшасы салынса, 100 пайыздық меже орындалады. Нәтижесінде үш секторға кіретін 15 шағынаудан 100 пайыз ойын алаңшасымен қамтылады.



ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ

ЕҢБЕКШІДЕ – ЖАҢА 3 СПОРТ АЛАҢШАСЫ

Еңбекші ауданының әкімі Досбол Есілбектің айтуынша, ауданда өткен жылы 18 спорт алаңшасы орнатылған. Биыл 3 алаңша салу жоспарланып отыр. «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында Бадам тұрғын алабы Жаңақұрылыс, Жандосов көшесі №67, 17 ш/а №6А үйдің ауласына қойылады.

Ауданда соңғы 9 жылда 103 ашық спорт алаңшасы орнатылған. Соның бүгінде 21-і жанартуды қажет етеді. Осы жылғы жоспарға сәйкес, Қаратөбе тас жолы 146, 18 ш/а №8, 19, 22 үй, 7 ш/а №4 үйдің аулаларындағы ашық алаңшалар жаңартылады.

Еңбекші ауданында 630 көпқабатты тұрғын үй 435 аулаға біріктірілген. Ауданда 2011–2020 жылдар аралығында кезең-кезеңмен 565 үйдің 373 ауласы абаттандырылған.

Биыл «Халық қатысатын бюджет» жобасының аясында 41 көпқабатты үйдің ауласын жанартуға бюджеттен қаражат бөлініп, қазіргі таңда 24 көпқабатты үйдің ауласында абаттандыру жұмыстары аяқталып, тұрғындардың игілігіне берілді.

Ал 17-көпқабатты үйдің аулаларын абаттандыру жұмыстары жалғасуда.

Бұл жоба арқылы пайдалануға берілген аулалардың бірі — Ш.Уәлиханов көшесі №225 үйдің ойын алаңшасы.

Шымкент әкімі Мұрат Әйтенов аталған аумаққа барып, аяқталған құрылыс жұмысын тексерді.

«Бұл жоба тиімділігін көрсетті. Аула атаулы жанарып, қолайлы орта қалыптаса бастады. Ағаштар мен гүлдер отырғызып, күтім жасау маңызды. Аула — үйіміздің бір бөлігі. Енді уақытты тиімді пайдалану үшін аула клубтарын

ашуды ұсынамын. Аула аралық спорт жарыстарын, түрлі ойындар өткізуге болады. Осы мақсатта спорт алаңшалары көптеп ашылуда», — деді мегаполис әкімі.

Аудан тұрғындарына жайлы орта қалыптастыру үшін «Build strogu» мердігер мекемесінің демеушілігімен «Ғажайып бак» демалыс орны мен бақша құрылды. Онда балаларға гүл, ағаш, басқада көшеттер отырғызып, тәлім-тәрбиелік бағытта еңбекке баулу көзделген.

Еңбекші ауданындағы Сайрам шағынауданының тұрғындары «Халық қатысатын бюджет» жобасына белсенді қатысып, өз жобаларын ұсынған болатын. Нәтижесінде биыл 10 үйдің ауласы абаттандырылып, балалар ойын алаңшасы құрылады.

Қазіргі сәтте шағынаудандағы №7, №10 көпқабатты үйлердің ауласындағы ойын алаңшасы балалардың игілігіне берілсе, №6, №9 үйлердің ауласында жұмыстар жалғасуда. Өндірістік кестеге сәйкес, өзге үй аулаларында да жұмыстар басталғалы тұр.

Сайрам шағынауданында көпқабатты 29 үй орналасқан. 2013 жылы шағынаудандағы барлық үй аулаларына абаттандыру жұмысы жүргізілген. Уақыт өте келе ойын алаңшаларының бірқатары ескіріп, қайта құруды қажет етті.

Қала әкімі М.Әйтеновтің тапсырмасына сәйкес, шағынауданындағы көпқабатты үйлердің аулаларын абаттандыру және балалар ойын алаңшаларын орнату 2022–2025 жылдарға жоспарланып, іс-шара жоспары бекітілген.

Өткен жылы бұқаралық спортты дамыту мен тұрғындардың салауатты өмір салтын ұстануы үшін ықшамауданда 2 ашық спорт алаңшасы орнатылды.

Ауданда алдағы жылы да абаттандыру жұмыстары «Халық қатысатын бюджет» жобасының аясында жалғасады. Қазіргі таңда тұрғындар тарапынан 93 ұсыныс түсіп, тұрғындар арасында 66 ұсыныс қажетті дауыстар жинады.

АБАЙДА – 32 АУЛА

Ауданда өткен жылы 7 үйдің ауласы абаттандырылған екен. Биыл 32 жобаға қаржы бөлінді. 1-кезеңде 5 үйдің ауласы, 27 елді мекен жоспарға енді, ал 2-кезеңде 5 үйдің ауласы абаттанады. Бұл жұмыстарды тұрғындар дауыс беру арқылы таңдаған болатын.

Үшінші мегаполисте халық санының өсуімен қатар, балалар ойын алаңшасына деген сұраныс артуда.

Жайлы орта қалыптастыру бағдарын ұстанған Шымкенттің Жаңаталап тұрғын алабында 2 ойын алаңшасы пайдалануға берілді.

Жұмыс барысымен танысқан қала басшысы, ойын алаңшасына орнатылған құрылғылардың сапасын тексеріп, қосымша жұмыстар бойынша мердігер мекеме және тиісті сала басшыларына тапсырмалар жүктесе, тұрғындардан өз алаңшаларын күтіп ұстауды өтіңді.

Жалпы биыл Абай ауданы аумағында 15 спорттық және 17 балалар алаңшасы халық қатысатын бюджет бағдарламасы аясында салынды.

Құрсай шағынауданындағы Қарнак көшесінде орналасқан балалар ойын алаңшасы да «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында, тұрғындардың ұсынысымен салынуда.

Алаңды абаттандыру жұмысы мамырдың соңында басталған болатын. Қазір ойын элементтерін орналастыру жұмысы жүргізілуде. Мердігер мекеме жуырда қолданысқа беру жоспарлап отыр. Мұнда балалар алаңынан бөлек, демалуға арналған бастырма (*беседка*), орындықтар, қоқыс жәшіктері және ойын элементтері қойылады.

Алаңша тұрғындар серуендеуге және дене шынықтырумен айналысуға мүмкіндік береді. Спорт элементтерімен бірге, балаларға да арналған құрылғылар орнатылуда. Жоғарыда аталған алаңшалардағы ойын және спорт құрылғылары Шымкент қаласында өндірілген.

Сондай-ақ Ә. Молдағұлова №44 мекенжайында орналасқан көпқабатты тұрғын үйлер ауласындағы салынып жатқан балалар ойын алаңшасы шілде айында пайдалануға берілді.

Жалпы Абай ауданында бұл жылы «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында 17 ауланы абаттандыру және 10 спорт алаңшасын салу жұмыстары жүргізілуде. Бүгінгі таңда құрылыс жұмыстарының 85 пайызы аяқталған. Толық аяқталғаннан кейін тұрғындарға пайдалануға беріледі.

ҚАРАТАУДА – 26 АУЛА

Қаратау ауданында өткен жылы 5 үйдің ауласы абаттандырылған. Ал биыл 26 үйдің ауласы жанарып, ирригациялық арықтар салу бойынша 2 жоба жүзеге асырылмақ.

2021 жылы ауданда 27 балалар ойын және спорт алаңшасы орнатылған. Биыл 35 аулаға абаттандыру жұмысы жүргізіліп, балалар алаңшасын салу көзделіп отыр.

Абаттандырылатын ауланың 26-сы «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында тұрғындардың өтінімі негізінде болса, 9 аула аудан әкімдігінің бастамасымен абаттанады. Бүгінде мердігерді анықтау үшін мемлекеттік сатып алу конкурсы өтуде.

Қазіргі таңда ауданда 10 мүлік иелерінің бірлестігі және 374 жай серіктестік құрылып, аталған жұмыс 100 пайыз орындалған.

Өткен жылы шалғай елді мекендердегі әлеуметтік нысан орналасқан 31 көше жарықтанса, биыл мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында 38 көшеге шамдар орнатылады.

Аудандағы 200-ге жуық атауы жоқ көше құжаттарын ономастикалық комиссияға ұсыну мақсатында тиісті жұмыстар жүргізілуде. Сонымен бірге 2021 жылы 32 мыңнан аса жеке және көпқабатты тұрғын үйге «QR-code» үлгісінде тактайша орнатылған. Биыл 18 мың үйге осындай тактайша ілу жоспарланған.

Мегаполис болғалы қала бюджеті 4 есеге артты. Ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында «Халық қатысатын бюджет» жобасы жақсы тәжірибеге айналды. Өткен жылы 55 жобаға 1,2 млрд теңге іске асыруға 3,9 млрд теңге қаржы бөлініп, өткен жылмен салыстырғанда 3 есеге артты.

Мәлімді КЕНЖЕБАЙ,
Шымкент қаласы

БАРЛЫҚ САЛАДА ДАМУ БАР

Премьер-Министр Әлихан Смайылов Үкімет отырысында еліміздің қаңтар-тамыз айларындағы әлеуметтік-даму қорытындысы барысында Шымкентте барлық сала бойынша оң динамика сақталғанын атап өтті. Атап айтқанда:



- Құрылыс жұмыстарының көлемі 91,7 млрд теңге немесе 118,5 пайызды құрады.
 - Пайдалануға берілген тұрғын үй көлемі 426,8 мың шаршы метр немесе 123,0 пайыз болды.
 - Жалпы сауда көлемі 1 140,1 млрд теңге болып, нақты көлем индексі 11,4 пайызға артты.
 - Оның ішінде, бөлшек сауда 355,4 млрд теңге, нақты көлем индексі 112,4 пайыз, көтерме сауда 777,1 млрд теңге, 110,7 пайыз.
 - Байланыс қызметі 5 427,6 млн теңгені немесе 4,5 пайызға артты.
- Цифрландыру бағытында да көрсеткіш жоғары. Шымкент қаласы цифрландыру бойынша Нұр-Сұлтан, Алматыдан кейінгі үшінші орында.

Сарап

Бірқатар ақпарат құралдары Өзбек елі басшысының мақаласын жариялады. Шавкат Мирзияев Шанхай ынтымақтастық ұйымының кезекті Саммиті қарсаңында қалам тербепті. Ол қадым қала Самарқанда өтетін жоғары деңгейдегі басқосу ынтымақтастық, өзара түсіністік және достық сияқты ұғымдарға арқа сүйейтінін, Жер-Жиһанды алаңдатқан сын-қатерлерге төтеп беру жолдарын іздейтінін атап өткен.

кенейген. Өзбекстан, содан кейін ядролық державалар – Пәкістан мен Үндістан мүше болды. Самарқандағы кездесуде Иран ресми түрде қосылмақшы. Беларусьтің мүшелігіне қатысты дайындық жұмысы аяқталуға жақын. Бұдан бөлек, ұйымға бақылаушы және диалог серіктесі ретінде қатысатын мемлекеттер де бар. Соңғы үш жылда алғаш рет өткізілген ШЫҰ Саммитіне Түркия, Армения, Әзірбайжан, Түрікменстан президенттері де қатысуға ниет білдірді.

Осылайша, географиялық ауқымы (34 млн шаршы шақырым), демографиялық (шамамен 3,4 млрд адам) және экономикалық әлеуеті (Қытай, Үндістан) жағынан алғанда халықаралық

жікшілдік, экстремизм және есірткі саудасына тосқауыл қою, экономикалық және мәдени байланыстың дамуына қызмет етеді. Айта кету керек, ұйымға мүше мемлекеттердің барлығы дерлік соғыстан соқтасы шыққан Ауған жерінде бейбіт өмірдің хакім болғанын қалайды. Тек ниет білдіріп қана қоймай, Қабыл билігімен кейбір салаларда, әсіресе, азық-түлік, қуат көздерімен қамтамасыз етуде бірлесе жұмыс істеуге дайын екенін мәлімдеді.

Осы орайда ресейлік саясаттанушы Александр Князев ұйым іс жүзінде жұмыс істемей отырған кейбір халықаралық ұйымдарды алмастыра алады деп есептейді. Ол бұған мысал ретінде кезінде қару-жаракты

азайту және жанталаса қарулану қарқынын бәсеңдету мақсатымен құрылған Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымын (ЕКЫҰ) айтады. Оның пікірінше, бұл ұйым бүгінде тек адам құқықтарына ғана мән береді. Әзірбайжан сарапшылары да ЕКЫҰ-ның ұзақ жылдар бойы Қарабақ түйінін шешуде қауқарсыз болып келгенін айтып жүр.

Бір өрісті дүниенің іргесі сөгіліп, көп құтұбты (полос) жүйе қалыптаса бастағалы жаһандану процесі де кідіре бастады. Оның орнына «аймақтану» деп аталатын интеграция белен алып келеді. Мұндай жақындасуға, өңірлік деңгейде тығырықтан шығар жол іздеуге аса ірі мемлекеттер арасындағы

ымырасыз текетірес, жер-жерде тоқтамай тұрған қарулы қақтығыс, саясаттың экономикаға тікелей ықпалын жүргізуінен «санкция соғысы», жылдар бойы үзілмеген көлік-логистика жүйесінің бұзылуы, қуат көзі мен азық-түлік тапшылығының сезілуі, аштық қаупінің қылаң беруі сияқты көптеген факторлар да әсер етіп отыр.

Ұйым шеңберіндегі өзара тиімді ынтымақтастық бүгінгі күннің өзекті міндеті – тауар мен шикізатты тұтынушыға жеткізу мәселесін шешуге мүмкіндік береді. Транзиттік тасымал бойынша жана жобаларды іске қосуға болады. Бұған дейін құбыр желісі мен кеме керуені көбіне Батыс пен терістікке қарай бет алса, енділі жерде күнгей бағыттың бағы ашылғалы тұр. Бұл, сөз жоқ, теңіз жолдарынан жырақта (Landlocked Countries) жатқан Қазақстан мен Орталық Азия елдері үшін баламалы бағыт ретінде тиімді. Қазақ елінің көне Жібек жолын қайта жандандыру мақсатымен қолға алынған ірі жобаларды іске асыруға белсене атсалысқаны көпке мәлім. Қытайдан Еуропаға жүк жеткізу уақыты анағұрлым азайып, құретамыр бойында инфрақұрылымдық нысандар пайда болды. Қазір аймақ елдері соның жемісін көріп отыр. Қазақстан билігі көлік-логистика жүйесінде қалыптасқан қазіргі ахуалды ескеріп, Транс-Каспий бағытының әлеуетін пайдалануға айрықша мән беріп отыр.

Солтүстік – Оңтүстік дәлізі Иран арқылы Парсы Шығанағы өңіріне, ал ТАРІ (Түрікменстан-Ауғанстан-Пәкістан-Үндістан) Үнді мұхитына төте жолмен шығуға септігін тигізеді. Сондай-ақ Термез – Мазар-и Шәріп – Қабыл – Пешавар теміржол құрылысы жобасы іске асып жатса, тасымал уақыты мен құнын азайтарғаны анық.

Шайырлар жырға қосқан шырайлы шаһар Самарқанда өткен Шанхай ынтымақтастық ұйымының кезекті Саммиті жаһандану емес, аймақтық интеграцияның тартымды әрі аса қажетті үрдіс екенін көрсетті.

Срайыл СМАЙЫЛ, шолушы



ЖАҒАНДАНУДАН – АЙМАҚТАНУҒА

Бұл қатарға көршілер арасындағы татулық пен сыйластықты да қосқан жөн. Таяуда ғана Кіндік Азиядағы бес мемлекеттің басшылары Ыстықкөлдегі Шолпан Ата қаласында кездесті. ХХІ ғасырда өңірді өркендетуді көздеуге бағытталған достық, тату көршілік және ынтымақтастық туралы құжатқа қол қойылды. Айта кеткен жөн, аймақтағы интеграциялық үрдістердің қарқын алуына Қазақстан мен Өзбекстан айрықша күш салып жатыр. Қазіргі әлемдегі геосаяси ахуалдың шиеленісуі, алпауыт күштер арасында Орталық Азияда өз ықпалын жүргізуге бағытталған текетірестің бұрын болмаған дәрежеде өршуі, қырғыз-тәжік шекарасында октын-октын естілетін мылтық дауысы. Ғаламды алаңдатқан Ауғанстан бар іргеде. Осының бөрі өңірдегі мемлекеттерді топтасуға, қазақы тілмен бейнелеп айтқанда, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып әрекет етуге шақыратыны анық.

Бұл жетіде Қазақ елінің ұйымдастыруымен Әлемдік дәстүрлі дін көшбасшыларының VII съезі өтті. Оған Рим Папасы да қатысты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің түрлі шиеленісті бейбіт жолмен шешу үшін диалог алаңы болуға дайын екенін мәлімдеді. Мәртебелі жиын аймақта ғана емес, бүкіл ғаламда қауіпсіздік пен тұрақтылықтың баянды болуына септігін тигізері сөзсіз.

Әу баста «Шанхай бестігі» (Қазақстан, Қытай, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан) деп аталған бұл ұйымның бүгінде өрісі



қоғамдастықтағы тартымды орталыққа айналып отыр. Ең бастысы, қағидасы айқын: ұйымға мүше барлық мемлекеттің егемендігіне құрметпен қарау, олардың ішкі ісіне араласпау, саяси текетірес пен берекесіз бәсекелестікке жол бермеу.

Қайсыбір сарапшысымақтар ұйымды Солтүстік Атлантикалық әскери одаққа (НАТО) балама деп жүр. Бұл шындыққа мүлде жанаспайды. ШЫҰ ешқашан әскери бірлестік болған емес. Атауы айтып тұрғандай, халықаралық ұйым ретінде қауіпсіздік пен тұрақтылықты баянды етуге, лаңкестік (терроризм) пен

ҚАЙСЫБІР САРАПШЫМАҚТАР ҰЙЫМДЫ СОЛТҮСТІК АТЛАНТИКАЛЫҚ ӘСКЕРИ ОДАҚҚА (НАТО) БАЛАМА ДЕП ЖҮР. БҰЛ ШЫНДЫҚҚА МҮЛДЕ ЖАНАСПАЙДЫ. ШЫҰ ЕШҚАШАН ӘСКЕРИ БІРЛЕСТІК БОЛҒАН ЕМЕС. АТАУЫ АЙТЫП ТҰРҒАНДАЙ, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМ РЕТІНДЕ ҚАУІПСІЗДІК ПЕН ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ БАЯНДЫ ЕТУГЕ, ЛАҢКЕСТІК (ТЕРРОРИЗМ) ПЕН ЖІКШІЛДІК, ЭКСТРЕМИЗМ ЖӘНЕ ЕСІРТКІ САУДАСЫНА ТОСҚАУЫЛ ҚОЮ, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ БАЙЛАНЫСТЫҢ ДАМУЫНА ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ.

Сөз майданы

Сөз – мылтықтан да мықты қару. Әскери журналистика әдебиетке майдан газеттерінде шыңдалған талай майталман қаламгерлерді берді. Әріге бармай-ақ, Константин Симонов, Александр Твардовский, Илья Эренбург, Михаил Шолоховтарды айтсақ та жеткілікті. Бауыржан Момышұлы есімін ең алғаш тасқа басып, кейін аңызға айналдырған да әскери тілші Александр Бек болатын. Башқұрттың бас жазушысы Мұстай Керім мен қазақтың ақиық ақыны Әбу Сәрсенбаевтың соғыс кезінде бір газетте қызмет өткенін бүгінде біреу білер, біреу білмес. Жұбан Молдағалиев, Сағынғали Сейітов, Сәрсен Аманжолов сияқты көптеген қазақтың ақын-жазушылары мен тілші-ғалымдары әскери журналистиканың «шинелінен» шықты.

Марқұм Сағынғали аға Сейітов жаңадан құрылған «Қазақстан сарбазы» газетінің редакциясына жиі келуші еді. «Біз, Жұбан екеуміз, ол кезде сендер сияқты өрімдей жас офицер едік», – деп майдан жалыны шарпыған жастық шағы жайлы сыр шертіп отыратын. («Қазақстан сарбазы» – қорғаныс министрлігінің орталық баспасөз органы ретінде 1992 жылдың желтоқсан айынан бастап шыққан әскери басылым. Газеттің қазіргі аянышты жағдайы туралы сәл кейінірек сөз етеміз).


Жалпы қазақ әскери журналистикасын шартты түрде үш кезенге бөліп қарауға болады. Алғашқы пайда болу кезеңі – ХХ ғасырдың басы, яғни Қазан төңкерісі, азамат соғысымен тұспа-тұс келсе, екінші кезең – Ұлы Отан соғысы жылдары жаппай майдан газеттерінің шыққан уағы және үшіншісі – Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бергі кезең.

Қазақ баспасөзіндегі әскери тақырыптын пайда болуы, менінше, қазақ атты әскерінің құрылуымен тікелей байланысты. Оған дейін бізде тұрақты армия болмағаны белгілі. С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романының 126-бетінде мынадай жолдар бар: «Күллі Сібірді Қолчак алғаннан кейінгі шыққан «Сарыарқа» газетінің 1918 жылғы 12 октябрьдегі 57-нөмірінде Орал облысы Жымпиты қаласындағы «Күнбатыс Алашорданың» жасаған әскери туралы бұйдейді: «Орал облысы «Алашорда» жарлығы бойынша Орал облысынан екі мыңнан артық қазақ әскері жылды. Бұларға Самар комитетінен екі мың мылтық, елу сегіз пулемет, екі зеңбірек, екі автомобиль алып берілді». Сол нөмірінде «Күнбатыс

Алашорданың» Ойыл қаласындағы офицерлік мектебінен оқып шыққан қазақ офицерлері туралы мынадай хабар жазады: «Тұңғыш қазақ офицерлері Орал облысында ашылған қазақ инструкторлары даярланатын школадан бірінші

журналистиканың алғашқы қарлығаштары десек те болады. Профессор Сағымбай Қозыбаев «Майдандағы Қазақстан баспасөзі» атты кітабында: «Ұлы Отан соғысы жылдары Қызыл

МЫЛТЫҚТАН ДА МЫҚТЫ ҚАРУ



Армия қатарында 1000 газет және 15 журнал, ал Әскери-теңіз флотында 143 газет пен төрт журнал шығып тұрды. Орталық Азияда тұратын ұлттар арасынан жасақталған әскери құрамалар үшін 42 газет пен жеті журнал шығарылса, оның 16 газеті мен екі журналы қазақ тілінде жарық көрген» деп нақты деректерді келтіреді.

Кенес Одағының Батері, еліміздің бірінші қорғаныс министрі, армия генералы Сағадат Нұрмағамбетов мылтықсыз майданға – ақпарат саласына қатты мән берді. Сол кезгі қиындықтарға қарамастан, тұңғыш әскери газет пен теле-фотостудияның ашылуына тікелей атсалысты. Жоғарыда сөз болған еліміздің бас әскери газеті – «Қазақстан сарбазы» өзінің 15 жылдық мерейтойына санаулы ай қалғанда белгісіз себептермен жабылып қалды. Бұл қорғаныс министрі болып тағайындалған тұңғыш азаматтық тұлға – Даниал Ахметовтің тұсында қабылданған шешім. Сол солақай шешім газетте қызмет етіп жүрген тәжірибелі әскери журналист-офицерлерді басқа құрылымдарға ауысуға немесе погондарын мүлде шешуге мәжбүр етті. Сөйтіп Қазақстан Қарулы Күштерінде әскери тілші деген институт, қаласыңыз, мамандық жойылды деуге болады. Бұрын қорғаныс министрлігіне тікелей бағынатын әскери басылым енді «Қазақстан ГАЗ орталығы» АҚ-на (ол орталықтың баспасөзге қандай қатысы бар, түсініксіз) қарайды екен. Оның үстіне бүгінгі «Сарбаз» газеті баяғыда

Полигонда бір рет болмай, оқ-дәріні иіскемей, сарбазбен бір тілім нанды бөліп жемей, жылы кабинетте отырып қалайша әскер өмірі туралы жазуға болады? Бұл сөзді біз қорғаныс министрінің идеология, ақпарат және коммуникация жөніндегі су жаңа кеңесшісі Әлішер Сүлейменовке қарата айтып отырмыз.

жабылып қалған «Қазақстан сарбазының» заңды мирасқоры ма, жоқ па – тағы беймәлім. Қысқасы, «Сарбаз» газеті мен «Айбын» журналын бүгінде санаулы адам шығарады. Жалақы мардымсыз, қаламақы жоқ, іссапарға қаражат қарастырылмаған. Полигонда бір рет болмай, оқ-дәріні иіскемей, сарбазбен бір тілім нанды бөліп жемей, жылы кабинетте отырып қалайша әскер өмірі туралы жазуға болады? Бұл сөзді біз қорғаныс министрінің идеология, ақпарат және коммуникация жөніндегі су жана кеңесшісі Әлішер Сүлейменовке қарата айтып отырмыз. «Сарбазбен» салыстырғанда, Ұлттық ұланның «Қалқан», «Бүркіт», Шекара әскерлерінің «Отан сақшысы», «Шекарашы» секілді газет-журналдарының тілшілері өздерінің әскери қызметші ретінде әлеуметтік мәртебесін сақтап қалды. Қысқасы, еліміздің бас әскери басшысына жан-жақты жағдай жасайтын кез жеткен сияқты.

Кенес Одағы кезінде әскери журналистерді тек Львов жоғары саяси әскери училищесінде ғана даярлайтын. Сол оқу орнын бітірген соңғы қазақ офицері бытыр желтоқсан айында зейнетке шықты. Әр жылдары бір-екі жас Мәскеу әскери университетінің журналистика факультетіне жіберілді. Бірақ оқуды бітіріп келгеннен кейін олар басқа салаға ауысып кетті. Айналып келгенде, отандық әскери баспасөз үшін мамандарды өз елімізде оқытқан жөн деген байлам жасалды. Нәтижесінде салалық ведомстволардың тапсырысы бойынша, Еуразия ұлттық университетінің әскери кафедрасы биылдан бастап әскери журналистерді дайындайтын болды.

Әскери кафедра бастығы, застағы генерал-майор Еділ Оразов айтады: «Болашақ офицерлерге қойылатын негізгі талап – ортақ. Олар алдымен жалпы әскери дайындықтан өтеді. Сапта жүруден бастап, әскери жарғыларды жаттап, тактикамен танысып, түрлі атыс қаруларын меңгеруі тиіс. Содан кейін таңдаған мамандығы бойынша пәндер тереңдетіліп оқытылады. Мысалы, әскери журналистер БАҚ бетінде мемлекеттің қорғаныс мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін көрсету, қазіргі заманғы ақпараттық күрес пен оның тәсілдері, қарсы насихат жүргізу, арнайы ақпараттық операция ұйымдастыру, әскери қақтығыстар кезіндегі БАҚ-тың рөлі сияқты басқа да өте маңызды мәселелерді зерттеп, зерделейді. Қорыта айтқанда, біздің мақсат – қажет болса, қалам мен қаруды қатар ұстап, өз Отанын қорғауға әрдайым әзір офицерлерді оқытып, тәрбиелеп шығару».

Әлемдегі соңғы геосаяси ахуал ақпараттық күрестің алдығын шепке шыққанын көрсетіп берді. Ендіше етек-жеңімізді жиып, белді бекем буып, сакадай-сай болғанымыз жөн.

Көзбен көрген

3-қыркүйек. Күн сенбі. Алабөтен ойсыз демалыс өтіп жатыр. Жоспар бойынша өртеңіне елордаға ұшып, ары қарай көлікпен Торғайға тартуым керек. Өйткені дүйсенбі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына арналған іс-шараларға қатысады. Ал біз ол туралы хабар дайындаймыз.

Кешқұрым жоспардың быт-шыты шықты. Қостанай облысында алапат өрттің бас алғаны жөніндегі ақпарат бірінен соң бірі үздіксіз тарай бастады. Түнгі

Алматыдан аттанғанда 28 градус ыстық еді. Қостанайға табан тірегенімізде ауа температурасы 15 градусқа дейін түсіп кетті. Ендігі мәселе — Қостанай қаласынан 100 шақырым қашықтықтағы Новонезженко ауылына жету. Сол жерде бас штаб орналасқан. Бізді күтіп отырған ешкім жоқ. Не де болса соңғы ақпаратты сол жерде алармыз деп, бірінші келіскен таксиге отырып жолға шықтық. Жүргізуші сөзге шорқақ екен. Ананы-мынаны суыртпақтап сұрағанмен, «иә», «жок» деген жауаппен ғана шектелді. Жол тақтайдай тегіс. Бір сағаттың айналасында межелі елді мекенге жеттік. Штаб ауылдың шыға берісінде екен. Қаз-қатар шатырлар тігілген. Қарсы бетте түрлі өрт сөндіру техникасы дамылдап тұр. Бас штаб болғандықтан,



барып, бізге жағдайды өз көзімізбен көруге рұқсат берді. Қауіптің беті қайтты дегенмен, одан келген зиянды сөзбен жеткізу қиын. Кемі бір ғасырдан бері жайқалып тұрған орманның қарағайлары біреу қара сия төгіп кеткендей аянышты күйде. Санаулы сағатта жалын жапырағынан бастап, тамырына дейін жалмағанмен, жарықтық ағаштар күйген күйі күйремей тік тұр. Орман ортасында даусы қарлықса да тапсырмасын беріп жатқан орта жастағы азамат көзімізге түсті. Ресми органның өкілі дейін десен, аяғында жазғы туфли, бұғында спорттық шалбар, үстінде өзіне ықшам емес куртка. Қостанай облыстық Өрт сөндіру қызметінің басшысы Андрей Ракович болып шықты. Түрден түр жоқ. Қажып, қатты шаршағаны көрініп тұр. Сөйтсе, түндегі тілсіз жаумен айқаста үстіндегі киіміне дейін түгел жанып кеткен. «Ауылды өрттен өрең дегенде аман алып қалдық» дейді. Тұрғындар да жабылып көмектескен. Түсте бас алған жалынды тек таңға жуық өшіре алған. Ауыл адамдары жанкештілік танытқан бұл азаматқа



колына түскен киімін әкеп беріпті. «Киімді қойшы, бүлінген табиғатты көрсем жүрегім жылайды», — дейді қамығып. Бағаналыдағы жағдайды бағамдағасын, 92 үй өртеніп кеткен Аманқарағай ауылына бет алдық. «Ә» дегеннен біреу үстімізге мұздай су құйып жібергендей күй кештік. Опырылып ортасына түскен баспана. Өртенген көліктер. Балқыған техника. Айтуға да ауыз бармайды, құлды біреу бұл ауылды бомбалап кеткен бе дерсің. Иесіз үйлерді иттері ғана торуылдап жүр. Үрмейді де. Әр жерде бықсыған түтін әлі басылмаған. Өрт сөндірушілер кезекшілік қойып, кезекпен аумақты бақылауға алыпты. Эвакуацияланған тұрғындардың дені туыстарына кеткенмен, бұл жакка үйінді астынан қажетке жарар затым табыла ма деп келіп жатқандары да бар. Негізінен, темір-терсекті тиісп жатыр. «Малым — жанымның садағасы» дегендер, «өйтеуір, бас аман» деп өздерін жұбатады. Дей тұрғанмен, қар түсіп, қыс келгенше мемлекет уәде берген баспанамызға жайғаса аламыз ба деген ой да оларға маза бермейді. Айналырған екі айда 91 отбасыға баспана салуға бола ма? Сапасы сын көтере ме?



10-дар шамасында Торғайдағы тойдың кейінге шегерілгені жөнінде ресми айтылды. Ал менің билетімді Қостанайға ауыстырды. Ойда жоқта төтенше жағдайдың ошағына аттанатын болдым.

Алматыдан Қостанайға дейін 2,5 сағат ұшады. Тілсіз жау ол кезде облыс орталығынан 130-150 шақырым жерде ырық бермей жатқан еді. Күту залында отырып «Телеграмдағы» куәгерлердің түсірген видеосын шолып шықтым. Аспанды басқан қою кара түтін, зәре-құты қашқан адамдар. Құлды экшн-кинолардан көретін қорқынышты көріністі біреу телефонына түсіріп жатса, екіншісі қайтерін білмей жанұшыра көмек сұрап жүр. Орманды тұтас жайпаған жалын жақын маңдағы ауылдарға да «қолтанбасын» қалдырды. Аманқарағай елді мекенінің өзінде 92 үй түгі қалмай, күлі қалғанша өртенгені жөнінде жаналық шықты. Осылай көңілсіз ойға шомып отырғанда ұшатын уақыт та келіп жетті.



мұнда министрден бастап, баскарма басшыларына дейін жүр. Жағдайды осы жерден бақылайды. Соңғы мәліметтің бәрі осында жиналып, қорытылады. Сұрастыра жүріп, Өртке қарсы қызмет комитетінің төрағасы Нұрболат Дербісовпен сұхбаттасудың сөті түсті. Уақыты тығыз болса да бізге мұндағы ахуалды түсіндіріп бақты. 5 қыркүйекке қараған түні өйтеуір өрттің негізгі ошақтарын ауыздықтай алған. Дей тұрғанмен, әр жерде бықсып, түтіндеп жатыр. Желдің көтерілуі де қиындық туғызған. 250 техника мен екі мыңға жуық құтқарушы қызыл жалынмен күресуге жұмылдырылған екен. Штабтан 30-40 шақырым жерде жанып жатқан жер барын айтқанмен, қас қарайғандықтан тілшілерді апара алмайтынын жеткізді. Новонезженко ауылының қонақ үйлерінде жататын орын қалмапты. Аудан орталығы Әуликөлге түнделетіп кетуге тура келді. Мұнда да орын таппы. Еріктілер орналасқан мектептің интернатына жайғастық. Шыны керек, әлеуметтік желіден көрген қорқынышты кадрлардың бірде-бірі күн ұзаққа көзімізге түспеді. Уақытша екен. Еңсені басар көріністі ертеңіне көрдік.

Танертенгі 8-де әріптестерімізбен шұғыл бас штабқа келдік. Өйткені түнде Бағаналы ауылының орманына от ауыз салып, жанып кеткен. Төтенше жағдай министрлігі оқиға орнына

Аудан орталығынан арнайы құрылысқа бөлінген жер теліміне де бардық. Қаптаған техника әр жерде үйдің іргетасын қазуға қызу кірісіп кеткен. Бұл жердің жалпы аумағы — 12 гектар. Әр отбасыға 10 сотықтан тиеді. Үйден бөлек, бау-бақша егуге де жер қалады. Үкімет үй тұрғызуға бюджеттен 2 миллиард 300 миллион тенге бөлмекші. Ұлттық экономика министрлігінің мәлімдеуінше, әрқайсысының құрылысына 25 миллион тенге жұмсалады. Аткамінерлер, өйтеуір, сапасына қатысты сөз болмайды деп қазірден сендіріп отыр.

Келесі біз бас сұққан нысан — гуманитарлық көмек орталығы. «Көп түкірсе, көл» деген осы шығар. Қостанай облысындағы жағдайға бей-жай қарамайтын жандар жан-жақтан қайырымдылық керуенін жөнелтіп жатыр. О баста Әуликөлде бір ғана гуманитарлық көмек үлестіру орталығы бар еді. Бәрін қабылдап үлгермейтіндіктен, тағы екеуі ашылды. Мұнда елдің түкпір-түкпірінен еріктілер жиналған. Азық-түлік, киім-кешекті сұрыптайды. Оған мұқтаж тұрғындардың тізімін құрайды. Көлденен көк аттылар қол сұқпас үшін, қажет болса күзетеді.

Бұл жолы да отандастарымыз «бір женнен қол, бір жағадан бас шығарып», қостанайлықтарды қолдады. Сындарлы сәтте сүйеу болып, жылы сөз арнауудың өзі қиын жағдайға тап болған ол тұрғындардың көңіліне үлкен демеу. Орнында бар оналар. Бұйырса, үйсіз қалған аманқарағайлықтар қарашаның ортасына таман жана баспаналарына жайғасып, қоныс тойын тойлайды.



Аскарбек ҚАЗАНҒАП, журналист
(арнайы Jas qazaq үшін)
Алматы-Қостанай-Әуликөл-Алматы

Естелік

(Басы 1-бетте)

Аппак «Волгалан» асықпай түсіп жатқан таныс бейнені көріп мұндай қуанбасын – Халифа Алтай! Басындағы кәдімгі жиегі биіктеу, өзгеше тігілген қара тақиясындағы аппак кошкармүйіз қазақ оюы көзге оттай басылды. Көзілдірігін түзеп, қасындағы екі жігітке қолтығынан деметіп, тіп-тіке театрға қарай жүріп келеді. Көктем іздегенім, жерден табылды! Құрылтай туралы әлемге әйгілі қазақ теологының, Түркия қазақтары қауымдастығы серкесінің, «Құран кәрімді» қазақшаға аударған белгілі дін білгірінің бір ауыз пікірін жазып алсам, жеткілікті. Газет тапсырмасының жартылай... орындалғаны. «Титтей жаңалықтың әрін иә, сәт, осы кісі ашады!».

Бір апта бұрын ғана осы Халифа Алтай ағамыз біздің «Халық кеңесінің» редакциясында (*Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің органы*) қонақта болған. Содан да атағы аспандап тұрған ақылман ағамыздың тәлімді тарихи әңгімесіне жақсы қанықпыз. Сауалдар қойдық. Қызықты һәм қанағат жауап алдық. Редакциядағы қайсыбіріміздің түріміз ақсақалдың есінде қалды дерсіз, «Ассалаумағалейкумнен» соң бірден: «Өткенде өзіңіз қонақта болған «Халық кеңесі» газетінің тілшісімін ғой...» дедім. «Ә-әә, амансың ба, балам?! Газеттеріңді алып келді, оқыдық... Разымын. Басшыларыңыз Сәкене (*Сарбас Ақтаев*) рахметімді жеткіз, балам...». Ақсақал бірден қолтығымнан алды. Ауыз жиғанша Құрылтайға қатысушылар тізім бойынша дараланып өткізіліп жатқан милиция жасағы темір тіреулер қойған бекетке де кеп қалдық. Халифа Алтайды қол созым жерден көзімен көрген көпшілік абыр-дабыр, мәре-сәре... Жүгіріп келіп әлемге аты мәшһүр мәртебелі Қазақтың қолын алып үлгергендер де бар. Төңіректі тәртіпке шақырған майор шеніндегі офицердің өзі алдымыздан шығып, ақсақалға құрмет көрсетіп, дауыстап сәлемдесті. Алматыда жиын көп, соның ішінде шектеу қойылған басқосулардың басы-қасында жүретін етженді майор алматылық журналистер қауымын жүзінен жақсы таниды. Маған назар аударып: «Ақсақалды қолтығынан демеп осы жерге дейін алып келгеніңізге рахмет» дегендей ишарамен «Ал сіз осы жерде қалыңыз» деді. Өзім де сондай ойда ем. Бірақ «Жо-оқ, бұ балам, менімен бірге...» деген Халифа Алтайдың сөзіне «ләм» деп ауыз ашып қарсы келмеген текті майор алдымыздан айқара жол ашты. Сондайлық мархабат танытып тұрған көпшіліктің алдынан абыз ақсақал қолтығымнан ұстаған күйі, төртеуіміз тобымызбен ішке қарай марқайып өтіп бара жаттық...

«ІІ құрылтайға қатысты сіздің пікіріңіз?» деген кезекші сауалды қойып үлгерген басым, қазақтардың Түркиядағы көшбасшысына «Бұл жиыны бірде-бір журналисті қатыстырмайды екен, Сіздің арқаныңызда...» деген ілтипатымды білдіріп, қуанышымды жасырмай айтып салдым. «Неге олай етті екен?». Абыз ақсақал да танданған секілді, бірақ сыр шашпады. Үлкен вестибюльден өтіп, жол сілтеуші қызғалдақтай қыздарымыздың қошамет-құрметімен айқарма есігі ашық тұрған концерт залына келіп кірдік. Тан-тамашамын. Міне, керемет, концерт залында ине шаншар орын жоқ. Бұл қауым шынымен-ақ осында түнеген бе? Лоджияларға дейін лық толған адам, ығы-жығы. Құрылтайдың маңызын-ай, шіркін! Алдыңғы қатарда отырған кіл жақсылар мен жайсандар Халифа Алтай ағамызды көрген бойда орындарынан өре түрегеліп, бізге қарай... ұмтылды. Абыз ақсақалға алғысымды айтып, мен ол кісімен осы жерден қоштастым. Орындықтар арасындағы кілем төселген кең тепкішекпен сәл жоғары көтеріліп, он жақ шеттегі бір бос орындыққа жайластым. Көңіл орнықты. Енді қайтар жағдайда қай тұстан сыртқа шығатынымды болжап, есік тандап

тосын ерекшелік бірден байқалды... Балет көруге не опера тыңдауға жиналған халық бұл залда сыбырласып қана бөсен дауыспен сөйлеседі, бір-біріне дауыс көтермей ерін-емеуірінен ұғысып, бипас отырады. Кенет, әр қиырдан бытырлаған бір-екі шапалақ күллі залды кеулей тербетіліп баяулатып соғылған ду шапалаққа ұласып барып басылады... Әрі ол бір-екі рет үздік-создық қайталананды. Онысы «Концерттің басталатын уақыты жетті» деп артистерді сахнаға шақырудың жасалынып жататын ескертпелік жөн-жоралғысы! Театр өмірінде қалыптасқан сондай дәстүр бар. Бірақ бүгін сол дәстүр бұзылған... лық толған халық аспан тіреген залдың күмбезі астындағы

естіліп қалды. Құрылтайға қатысушыларды құттықтап Шешенстаннан үш делегат арнайы келіпті. Данғарадай елтірі бөріктерін ақ матамен тыстап, оның ортасына айналдыра жасыл лента таңған шешен өкілдері қуейттік меймандардың жанынан орын алды.

Меймандарын жайластырып болған Рәтбек қажы енді баршаға қаратып былай деп дауысталады:

— Осы залдың ішінде дініміз бір Иран мемлекетінен өте үлкен мейман келіп отыр, сол қадірлі қонағымызды мына төрге шақырамын. Қане, мырза, қайдасыз... келіңіз, төрге шығыңыз!

«МҰНДАЙДА ҚОЛ ШАПАЛАҚТАМАЙДЫ, «АЛЛАҒУ ӘКБАР» ДЕЙДІ!»

акустикасын бұзған, абыр-сабыр, бірі тұрып, бірі отырып, араның уясындай ығы-жығы, қатты сөйлейді, бар бұрыш-қуысты қуалай кернеген ол «у-шу» жуық арада басылар да емес...

Әлден уақытта бұрын-соңды біз байқамаған өте кең мол пішілген және де өте зерлі шапанының етегін сүйретіп Бас мүфти Рәтбек қажы сахнаға көтерілді. Басындағы доп-домалақ етіп оралған аппак сәлдесі де өзіне

Бір қызығы, күткен қонақ таяу арада сахнаға шығып бой көрсете қоймады! Осы арада Қазақстанның Бас мүфтиі ел-жұрт күтпеген оқыс бір қылық танытты-ай... Сахнадан күллі залды шөла көз тастап тұрып, араб тілінде, бәлкім, парсы тілінде, жанағы Ираннан келген мейманның атын атап, түсін түстеп, дауыстап төрге шақырды. Шынында да, ешкім күтпеген тосын жайт. Күрек тістерін күле көрсетіп, ашық-жарқын сөйлеп жүрген

да енді қара мен ақ түсті нокат-нүктелі орамал пайда болыпты. Намаз уақытына сәйкес осылай бас киімдерінің өнін ауыстырып тұрады-ау бұл мұсылман-мырзалар, шамасы?! Қызык!

Мінберге жүрісі білінбей сызып жеткен мәртебелі мейман микрофонға жақындаған күйі әңгімесін дінсіз мемлекетте тусак та бәрімізге өте жақсы таныс «Біс-сімілла... мен ассалауламейкумнен» бастады. Әр-әр



айрықша сән бергендей. Тек... бірден көзге қораш көрінгені — Бас мүфтиіміз әлгі ерекше зерлі шапанның бір иығын желбегей жамылып, он қолын сыртқа шығарып, аппак дәкемен таңып, иығына асып алытты. Бастарына арафат сәлдесін тартқан, ұзын жеңді, ұзын етекті ақ көйлек киген, бойлары бірдей үш араб қонақты сахнаның ортасындағы әлгі үстелге бастап барып ілтипат танытқан Бас мүфти, енді зал толы жұртқа назар аударды. Бұл кезде дабырлаған ығы-жығы халық сабасына түсе бастаған, «шу» саябырсыған.

— Құрметті ағайындар, бауырлар! Бұл кісілер Кувейт елінен келген біздің мәртебелі меймандарымыз... Бүгінгі астанамыз Алматыда өтетін Қазақ мұсылмандары ІІ құрылтайының құрметіне, Қазақстан Тәуелсіздігінің құрметіне орай біздің елімізге тегіннен-тегін, зәулім-зәулім үш мешіт салып береміз дейді бұ мырзалар!

Шетелдің есігін әлі де жаппай ашып үлгермегенмен жер-жерден жетіп жатқан «сыпсын» ақпаратқа құлағы қанық қазақ қауымы үшін ол кезде дүниелегі ең бай мемлекет — Кувейт еді! «Мұнайлы Қазақстан дұрыс

Бас мүфтидің теледидар мен радиодан, газеттен де емес, тура көз алдарында бұлайша тосын «тіл сындыруы» жұртшылықты таң қалдырған секілді. Зал тым-тырыс...

Өзі де ең төбедегі шеткі орынның біріне жайғасқан екен, барша жұрттың назарын аударып, қап-қара костюмі жарасқан, тік әрі келте жағасы түймеленген ақ көйлек киген 40-45 жастар шамасындағы бір жігіт тура менің қасымнан желдей есіп, жедел-жедел басып өтті. Дәу де болса, ирандық қонақ осы кісі! Мейман сахнаға жүгіріп шыққан бойда залға қасқайып қарап тұрған Қазақстанның Бас мүфтиінің алдына жетіп тізерлей қалды да зерлі шапанның етегінен еңкейіп екі рет сүйіп, орнынан тұрды. Бұл тосын әрекетке Бас мүфти селт етпеген күйі күллі денесімен бұрылып ирандық мейманға сол қолымен мәртебелі қонақтар отырған жақты нұқсалады. Зал толы делегаттар мен қонақтардың қайсысының қандай ойда отырғанын қайда, өз басым біздің дін басымыздан араб тілінде, бәлкім, парсы тілінде, мұндай еркін сөйлеп, тіл табыса алатынына іштей масайрап қалдым. «Құр алақан емес екенбіз». Енді ше, шетел тілінде екінің бірі бүкіл бұқара алдында емін-еркін бұлай ойын жеткізіп, кәдеге асырып жатқан жок. Әлгі бір сәтте кувейттік меймандармен емен-жарқын «тіл қатысып» жүргенін алыстан көздеп, бұл тілдесудің қанша пайызы мимикадан тұрды екен деген бастапқы ойымнан да айни бастағанмын. Рәтбек Нысанбайұлы Ливия университетінің теология факультетінде 9 жыл дәріс алған деген мәліметтің рас болғаны ғой! Бұрын-соңды мұндай оқиғаны басымыздан өткеріп көріппіз бе?!. «Жабық» мемлекеттің аузы-мұрны «жабық», «көзі соқыр» тыныш жатқан тұрғындары емеспіз бе? Біз үшін бүгінгі әрбір тың көрініс — тосын жаңалық!

Менің өз ойымда сахнаға енді сонау Түркиядан әдейі ат арылтып келген дін данышпаны Халифа Алтай ағамыз шақырылуы тиіс еді, бірақ олай болмады. Сахнадағы орынды көпті көрген абыз ақсақалдың өзінің де қаламауы бек мүмкін-ау!

Сонымен, Қазақстан мұсылмандарының ІІ құрылтайы ашылып, құдіретті мынау өнер залының мінберінен 1945 жылғы театр шаңырақ көтергелі бері, менінше, тұңғыш рет қазақша баяндама жасалды... Бас мүфти Орталық Азия діни басқармасынан жеке-дара бөлініп шығып, Қазақстан Тәуелсіздігінің шарайнасындай болып, өз алдына отау құрған ел мұсылмандары мүфтияттың небары екі жылға толар-толмас уақытта атқарған іс-шаралары туралы бас-аяғы 20 минутқа жетер-жетпес уақытта ұғынықты тілмен, жарқылдай сөз сөйледі. Салтанатты жиында Қазақстан мұсылмандарының — негізінен мемлекет құрайтын қазақтардың дін жолындағы болашақ бағдарламасы, алғы шарттары жасалынатыны жария етілді. Мінберді тастап, сахна ортасындағы қонақтарға беттеген бас модератор кенет залға қайта мойын бұрып: «Жарыссөзге жазылушылар болса, ауыздарыңызды да, қолдарыңызды да қакпаймыз. Бірақ та сол пікір айтушылардың алдында кувейттік мейман... мәртебелі мырзаға сөз берейік. Құрметті халайық, осыным тұра ма, айтқаным дұрыс па?» деді. Микрофонсыз-

тұстан шетелдіктің аузынан «қазақ сөзін» естігендеріне ризашылық сезімдерін білдіргісі келгендер бытыр-бытыр шапалақ ұрып қалып, онысын тез тиды. Бұл құбылыстың тез өзгеруіне төрде қонақтармен қатар отырған Бас мүфти «өзінің үлесі барын байқатқандай» күлімсіреп қойды.

Қонақтың әлгі қазақшадан кейінгі сөздерін тез арада ілесіп аудару мінбер қасында жанасып тұрған тәржімашы жас жігітке өте ауыр соқты. Ә дегеннен кібіртіктей берді. Аударған сөйлемдері ұйқаспады, мәртебелі қонақ «тұтығып тұрған» аудармашы жігітке қайта-қайта алаңдап, жалтақтап бастады. Жұрт мәртебелі қонақтың шынайы ойын түсіне алмай, әрі-сәрі күйге түсті.

Осы уақытта орнынан жеңіл көтерілген Рәтбек қажы мінберге асығыс жетіп келіп, мәртебелі қонаққа әлдене деп тіл қатты. Сірә, кешірім өтінді-ау. Сөйтті де тәржімашы жігітке төне түсіп:

— Әй, айналайын балам, не деп кеттің өзі... саған рахмет, бара ғой! — деп жөніне шығарып салды да, мінберге қазидып сүйеніп тұрған құрметті қонаққа «Мен дайынмын!» дегендей иек қакты.

О, Құдіреті күшті Алла, мұндайды кім көрген!

Қонақ өзінің ана тілінде — араб тілінде сөйлеп барып ойын түгел шыырғып-түйіп дамыл тапқанда, «аудармашы-мүфти» оны қазақша судыратып кеп қайталайды. Айтар ой, нақты сөз бір жүйеге түсті. «Планетаның ең Солтүстігіндегі Тәуелсіз Қазақстан деген мұсылман мемлекетіне Кувейт елі бірден еңселі үш мешіт (*Талғар, Жаңалық, Бесаташ*) салып беруге құлықты болып отыр» дегенде мына орын алған тамаша құбылыс-көрініске де, пәтуәлі көркем сөзге де көңілдері тоғайып «қарық» болып отырған қазақтар шыдай алмай, аянсын ба, дүрілдетіп тұрып, шапалақты ұрды да жіберді. Бұл жолы да:

— Ау, айналайын, елім-жұртым... мынау мәртебелі қонақтан ұят болмасын, «я болмаса, аллаһу ақбар» деп іштен айтсаныздар да қанағат! —деуді ұмытпады «қажы-аудармашы».

«Абай», «Қыз Жібек» пен «Ер Тарғыннан» тыс, кіл әлемдік операның жауһар-ариялары шырқалып, классикалық балет билері көрсетілетін зәулім залда, жетпіс жыл үстемдік құрған коммунистердің осынау сауық-сайран сарайында, Тәуелсіз Қазақстанның діні — ислам, халқы — мұсылман екенін дәлелдегенді есерлі жиын өткен сол күнді, 1992 жылғы 19 мамырды, айтыңызшы ағайын... мен қалай ұмытайын, мен қалай жадымнан шығарайын?!

...Әлі есімде, артымнан үлкен айқарма емен есік баяу жабылған сәтте «Аллаһу ақбар» деген санана жақын, жаныңа жағымды зал жактан толқындай тербетіліп есіп келген құдіретті үн құлағыма сондай жылы бір «үйімен» жетті. Ұлы Абай атындағы атакты өнер отауында Қазақстан мұсылмандарының рухани тұғыры мәңгіге шегенделіп, қоғам түбегейлі түрде өзгеріске түсіп жатты!..

Талғат СҮЙІНБАЙ,
Алматы



та үлгердім. Бұл кезде қауылаған жұрт аса құрметті ақсақалмен — Құрылтайдың маңызды қонағымен жалпылдай сәлемдесіп біткен. Бірінші қатардың ең ортасынан ығысып орын беріп, жайластырды. Өзім де өте жақсы жерден орын тепкен екенмін. Төңірек түп-түгел алақанға салғандай көз алдымда тұр — әдетте қордебалет тобы тізіліп шығып еңсіз мата төселген еденінде емін-еркін секіріп билейтін кең сахнаның қак ортасына он шақты адам шынтағын тіреп беймарал отыратын ұзын үстел қойылыпты. Арқасы сәнді аппак орындықтар сап түзепті. Залға қарай түсетін он қанаттағы баспалдаққа таяу микрофон шаншылған мінбер тұрды.

Талай-талай думан-концертті тамашалаған аурасы алабөтен таныс зал емес пе, бүгінгі

жолмен қарқынды дамыса, ертең-ақ Кувейт болады екен!» деген әңгіме ауыл мен қала арасында желдей есіп жүрген! Ал керек болса, сол Кувейттің дәл өзінен келіпті мына бақауат мырзалар! Қазақстанда тұңғыш мешіт салмақ!..

Зал «ду» ете қалып, сатырлатып кеп жойқын шапалақ соқты.

Рәтбек қажы сау қолын әнтек көтерді. Шапалақ басылды.

— Әй, айналайын, коммунистерім-ай... мұндай қайырымдылық жасалынып жатқан Алла тағаланың сыйына мұсылмандар қол шапалақтамайды, «Аллаһу ақбар!» дейді. Я болмаса қазақша іштен «шүкір» деп тәубе айтыңыздар!

Қол шапалақтау сап тиылды. Әр тұстан қысыла «шиқылдаған» күлкілі дыбыстар

ҚҰМАРПАЗДЫҚТАН ҚОРҒАУ

Бүгінде еліміздегі кәсіби букмекерлер арасында жауапты ойын қағидаларын қолдану қалыпты дағдыға айналды. Ресми тіркелген, заң аясында жұмыс істейтін кез келген букмекерлік кеңсе өз клиенттеріне ойынға ес-түссіз берілуге жол бермейді, яғни құмарпаздықтың

бітіп қалса, есепшотты толықтыру техникалық жағынан мүмкін болмайды.

- Лимитті ойын кезінде де енгізуге болады. Егер ойынпаз күніне 4 сағат деп белгілесе, ол букмекердің қосымшасы немесе сайтындағы *(әрі кез келген қазақстандық букмекердің)* іс-қимылын осы мерзімнен асыра алмайды.
- Белгілі бір мерзімге өзін-өзі тоқтатуға болады. Оған

жүргізіп отыр. Олар құмарпазға тән қауіпті психологиялық өзгерістердің алдын алу қағидасын ұстанады. Букмекер спорт оқиғасына бәс тіккенде қандай іс-қимылдың теріс екенін тәптіштеп, жан-жақты психологиялық кеңес береді. Сондай-ақ клиенттердің өзін-өзі шектеуіне арналған нұсқалардың толық тізімін ұсынады.

ӨРҰ өкілдері біздің елімізде жауапты ойынның ең маңызды бағыты жүзеге асырылғанын айтады.

Жауапты ойын: оны кез келген букмекер ұсынбайды

Сайтта жауапты ойын опциясының болуы «дұрыс» букмекерді таңдауға мүмкіндік береді



алдын алатын шаралар кешенін ұсынады.

Бұл сонда не нәрсе? Қазақстан букмекерлерінің өзін-өзі реттеуші ұйымының (ӨРҰ) өкілдері түсіндіргендей, отандық букмекерлер жауапкершілік қағидаларын дамыған елдердің тәжірибесінен алып отыр. Еуропа елдерінде әлеуметтік жауапты букмекер өз клиенттерін қайтсе де ұтуға ұмтылатын ессіздіктен сақтандыруды бұрыннан-ақ қолға алған. Олар ойынқұмардың бар ақшасын бәске салып, тақырға отырғанын күтіп отырмайды. Жауапты букмекер спортқа бәс тіккенде белгілі бір дәрежеде өзін-өзі шектеу шараларын ұсынуға міндетті. Ондай шектеуді бәс тігуші алдын ала өзі үшін бекітуі тиіс.

ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ

Мұндағы негізгі сөз — «ерікті». Миллиондаған ақшасын ойынға салып, ұғылам деген адамды ешкім де өз еркінен тыс тежей алмайды. Ойынпаз өзін-өзі шектейді. Басын алып жүре алатынына сенімді болса, шектеу қоймауға да қакысы бар. ӨРҰ өкілдерінің бірі айтқандай, ең алдыңғы кезекте жауапкершілікті ойынпаздың өзі белгілейді. Өйткені букмекерлер клиенттердің қаржысы туралы да, оның психологиялық жағдайы туралы да білмейді ғой. Сондай-ақ қандай да бір іс-қимыл ережесін де мәжбүрлеп тана алмайды.

Дегенмен олар ескертуге міндетті және бүгінде солай әрекет етіп отыр. Осы орайда отандық букмекерлік кеңселер ойынпаздық тәуекелін азайту үшін мынадай шараларды ұсынады:

- Сіз жеке кабинетіңізде бәс тігудің ең жоғары сомасына лимит қоя аласыз.
- Сіз депозитке лимит белгілей аласыз. Мәселен, клиент бәс тігу үшін ең жоғары соманы бір күн, апта немесе бір айға белгілейді. Көрсетілген мерзімге дейін лимит

сәйкес, ойынпаз базаға жеке мағлұматтарды енгізеді. Сонда букмекерлік кеңсе белгіленген мерзім ішінде одан бәс қабылдамайды.

Тағы да қайталап айтайық: бұл шараларды ешкім де тықпаламайды. Кеңес кезеңінде айтылғандай, «қолхоға кіру-кірмеу — өз еркін». Бәс тігуші өзі ғана шешім қабылдай алады. Өзіне-өзі шектеу қоя ма, емін-еркін бәс тіге ме, ол жағын тек өзі шешеді.

БІЗ ОЙЛАП ТАПҚАН ЖАҢАЛЫҚ ЕМЕС

Қазақстан букмекерлері жауапты ойын тәжірибесін қайдан алып отыр? Бұл сауалға ӨРҰ өкілдері алдыңғы қатарлы еуропалық тәжірибені әбден зерттеп, содан кейін енгізілгенін айтады. Шетелдегі букмекерлік кеңселерде Betting awaгeness қағидасы қолданысқа ие. Айталық, әлемдегі ең ашық букмекер — Pinnacle компаниясының тәжірибесіне тоқталуға болады. Еуропа мен АҚШ-тағы басқа букмекерлер ойынға тәуелділік туралы тәптіштеп айтуға құлықсыз болса, бұл компания өз сайтында лудомания туралы ашық жазады. Мұнда жауапты ойын мен оның барлық опциялары туралы баяндалатын паракка сілтеме де бар.

Сондай-ақ ең беделді деген британиялық William Hill букмекерлік кеңсенің тәжірибесі де кеңінен зерттелген. Осы компанияға тиесілі сайттын бастапқы бетінде арнайы ескерту «менмұңдалайды». «Жауапты ойын» бөлімінде лудомания түйткілдері егжей-тегжейлі талқыланып, бәс тігушіге арналған психологиялық сауалдар да ұсынылады. Соған жауап беру арқылы әркім құмарпаздыққа тәуелділігін анықтай алады.

Халықаралық 1Хbet букмекерлік кеңсесінің тәжірибесі де айтуға тұрарлық. Айта кету керек, бұл компания біздің елде де жұмысын

АСТЫРТЫН БУКМЕКЕРДІҢ БЕЛГІСІ

Ал егер сіз астыртын, яғни ел ішінде тіркелмеген сайтқа кіріп бәс тігетін болсаныз, жоғарыда айтылған шектеудің ешқайсысы да жұмыс істемейтінін ескеріңіз. Өкінішке қарай, ғаламторда ондай сайттар әлі де көп.

Зансыз жұмыс істейтін букмекерлер немесе онлайн-казинолармен мемлекет, әрине, күрес жүргізіп жатыр. Бірақ біздің мемлекеттік органдар мұндай компанияларға тосқауыл қоюға келгенде өте шабан қимылдайды. Мәселен, ғаламторда зансыз жұмыс істейтін букмекерлік кеңсені жауып, бұғаттау үшін сот процестері бірнеше апта немесе айға созылуы мүмкін. Сайтты бұғаттаған соң оның көшірмесін *(басқа web-адреспен сайт-клон)* ашуға алаяқтар ары кетсе, екі сағат қана жұмсайды.

Ал ресми жұмыс істейтін букмекерлер нарықтың барынша таза болуына мүдделі. Сондықтан олар зансыз шетелдік онлайн-кеңселерді анықтап, әшкерелеу үшін мемлекеттік органдармен бірігіп, белсенді әрекет етеді. Алайда әзірге бұл жұмыс тиісті нәтижесін бере алмай отыр. Қазақстанда лицензиясы жоқ шетелдік букмекерлер өз клиенттеріне ғана емес *(алдау, ұтысты төлемей, клиенттердің аккаунты мен ақшасымен қоса сайттардың жойылуы)*, заңды түрде жұмыс істейтін кеңселерге де зиянын тигізіп келеді. Себебі астыртын сайттардың кесірінен лицензиясы бар букмекерлердің имиджіне нұқсан келеді.

Ал жауапты ойын опциясының болуы, қайталап айтамыз, букмекерлік кеңсенің заң аясында жұмыс істейтінін айғақтайды.

Олжабек БАЙҚАТОВ



БОСАҒА МАЙЛАУ

Бұл дәстүрді көреген әжелер мен ақ жаулықты аналар жасайды. Екі жастың үйіне шашуын шашып, ақ ниетін білдіріп келеді. Үлкендер «Жас отаудың босағасы майлы болсын, қазаны оттан кетпесін, еліне қалаулы болсын» деп тілек айтқан. Мұндағы тілек келіннің қазаны оттан түспесін, елге майдай жұғымды, көп түсетін үй болсын деген ырыммен жасалады. Жас келін бір үйдің ұрпағын көбейтуші жан. Сол үйге бақ-береке қонсын, майдай жұғымды болсын деген ниетпен барады. Босағасын майлаған адамға шаңырақ иелері көде береді.

Ұмыт болған салт-дәстүр



ҚОРЫҚТЫҚ ҚҰЮ

Емдік ғұрып. Ауырған адамның төбесінің үстіне май құйылған табаны әкеліп, екінші бір ыдыста қорытылған сұйық қорғасынды оның үстіне құйып кеп жібереді. Сонда «шар» етіп кішкене қорғасын сұйығы бір бейне қалпына түседі. Емші соған қарап ауруға «Сіз иттен немесе адамнан, жыланнан қорыққаныыз» дегендей болжам айтып, аурудан жазылатынына сендіреді.

БАУТАҒАР

Аншылық дәстүрінде кездесетін рәсім, аң олжасын байлаған адамға берілетін сый. Байлаушыдан аң олжасын алған адам алғыс айтып, оған ақша немесе бір затын ұсынатын болған. Баутағар бермеген адамға екінші рет олжа байламайды. Дәстүрлі ортада баутағар көдесін бермеген кісінің малы шығынға ұшырайды деген наным бар.

ШАҢЫРАҚ ТҮЙЕ

Ұзатылып келе жатқан қыздың және оның жанындағы әйелдердің *(шешесі, жеңгесі, сіңлісі т.б.)* мініп келе жатқан көлігі «шанырақ түйе» деп аталады. Ол келін үшін ыстық, қасиетті мал болып саналады. Бұған жолшыбай кездескен немесе бөтен адам мінбейді. Егер міне қалса, оны көрген жұрт «пәленше келіннің шаңырақ түйесіне» мініп келді деп келемеждеген. Ертедегі салт бойынша, көште үлкен шаңырақ жеке түйеге артылып, алдымен жүреді екен. Оған адам мінбейді, атпен жетелейді, «шанырақ түйе» деген сөз осыдан шыққан екен.

(Ғ.Аманова. «Халықтық педагогика-даналық мектебі»)

Бас редактор — директор
Срайыл Махатұлы СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Гүлнар АХМЕТОВА — экономика, нарық

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Мерген ТОҚСАНБАЙ—
Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 701 312 39 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Нұргүл НАСЫР — Атырау облысы (8 702 959 80 08)

Мөлдір КЕНЖЕБАЙ — Шымкент қаласы (8 776 238 55 94)

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Меншік иесі:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.
2021 жылдың 03 маусымында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ68VPY00036247 күзлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.